



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 35/420

04 сентября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

1-ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

### АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ

Жадыраған жаз айындағы демалыс кезеңінің қалай өтіп кеткенін аңдамай да қалған балалар 1-қыркүйектегі басталатын жаңа оқу жылын да асыға тосқаны сөзсіз. Себебі олардың әрқайсысы биыл бір жасқа есейіп, бір сыныпқа алға жылжиды. Ал, біріші сыныпқа баратын алты жасар балақайлардың қуанышында тіпті де шек жоқ. Ұл балалар ине-жіптен жаңа шыққан су жаңа ақ жейделері мен



костюм-шалбарларына қайта-қайта сұқтана қараса, қыз балалар қара түсті көйлектері мен әппақ фартуктерін, ақ бантикерін жөндеп әлек.

1 сентября как День знаний отмечает почти весь мир. Каждый, кто приходит в первый класс, ступает на шаг вперед на пути к взрослой жизни. Для всех учеников 1 сентября – это, прежде всего, праздник. Ведь каждый учебный год полон новых впечатлений. Это праздник и для тех, кто не впервые садится за парту, а делает очередной шаг по длинной, но такой интересной, полной открытий школьной дороге.

#### № 1 Жалпыбілімдік орта мектеп

Мектеп ауласына жиналған оқушылар мен ата-аналардан аяқ алып жүрер жер жоқ десе де болады. Бәрінің де жүзінен қуаныш пен



тебіреніс байқалады. Ата-аналардың бірінің баласы немесе немересі алғаш мектеп табылдырығын аттап жатса, кейбірінің баласы биыл 11 сыныпқа барады, алда шешуші оқу жылы. Алғашқы қоңырау салтанатын қала әкімі Қайрат Камзин ашып, жиналғандарды Білім күнімен құттықтап, оқушыларға оқуда табыс пен жетістіктер тіледі. Одан соң сөз алған қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Сәрсембеков және мектеп директоры Панар Жұмаханова да оқушыларды білім мерекесімен құттықтап, ақ тілектерін білдірді. Сонымен қатар мектеп оқушыларының өткен оқу жылында білім мен өнер жолында қол жеткізген табыстары, Ұлттық бірыңғай тестілеудегі мектеп түлектерінің толағай жетістіктері аталып өтті. Алғашқы қоңырауды соғу жас бүлдіршіндер Шатөков Нұрсейіт пен Шұғаева Еркежанға

бұйырды. Сонымен қатар жиналғандарға арналып концерттік нөмірлер ұсынылды. Біз де мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер мен мектеп оқушыларына оқуда жақсы табыстарға жете беріңдер демекпіз.

#### № 2 Мектеп және балабақша кешені

Сағат 9.00-де басталатын алғашқы қоңырау салтанатына сегізден бастап жиналғандары қаншама?.. Күздің және оқу жылының алғашқы күні қала көшелерін ерекше сән-салтанатқа бөлеп тастағандай!.. 4-5-тен шүйірлескен ересек балалар қала көшесіндегі жүргіншілер жолымен ерсілі-қарсылы өз алтын ұяларына қарай мээ-майрам болып, алып-ұшып барады. Мектеп табалдырығын жаңа аттайтын балалар ата-аналарының қолынан ұстап алған. Оларды жаңа өмірдің, білім ошағының есігін айқара ашатын, білім нәрінен сусындаудың алғашқы күні еді бүгін. Жүректері қуаныштан дүрсіл қаққан балақандардың шатшадыман жүздері бал-бұл жанады. Сағат тілі тоғызға таяғанда № 2 орта мектептің алдындағы алаңша балаларға, ата-аналар мен ұстаздар қауымына лық толған болатын. Қазақстан Республикасының көк байрағын мінбер маңына таяу тұста көтеріп тұру жоғарғы сынып оқушыларына сеніп тапсырылыпты.

Бұл мектептегі алғашқы қоңырау салтанатына қала әкімі Қайрат Амнгелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Б.Ә.Қазиева, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова және қалалық мәслихат депутаты С.Б.Попченколар құрметті қонақ ретінде қатысты. ҚР әнұраны орындалған соң алғашқы құттықтау сөз қала әкімі Қ.А.Камзинге беріліп, ол ұстаздарды, оқушыларды және ата-аналарды білім күнімен құттықтады және балаларға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық жайында, соның бірі ретінде қаладағы биыл мектепке баратын 237 бастауыш сынып оқушыларының тегін оқулықпен қамтамасыз етілгенін, бүгінгі алғашқы сабақта Елбасының «Менің Отаным – Қазақстан» атты кітабы таратылатынын тілге тиек етті. Одан кейін сөз алған мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова өткен оқу жылындағы ҰБТ мен білім беру саласындағы жеткен жетістіктерін айта келіп, биылғы оқу жылында да осы бағыттан таймау керектігін, оған ұстаздар қауымының дайын екендігін жеткізді. Қазақ хандығы құрылғандығының

550, Қазақстан халқы Ассамблеясының, ҚР Конституциясының 20 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы тойланатын мерекелі жылда өткізіліп жатқан алғашқы қоңыраудың ерекшелігін ұғындыра келіп, Қазақстан Республикасының Премьер Министрі бірінші орынбасарының тапсырмасымен алғашқы оқу жылының алғашқы дәрісі «Ерлік» сабағы аталатынын баян етті. Салтанатты жиынға жиналғандар алдында биыл бірінші сыныпқа баратын балалар қазақ және орыс тілдерінде өздері жаттап келген тақпақтарын айтып берді. Ұлттық киім киген үш қыздың орындауында қазқша би тамашаланды. Мектеп қызметкерлері дайындаған «Маша мен аю» мультфильмінің негізінде сахналандырылған көрініс бірінші сыныпқа келген балаларға арналды және Жанар Қалдыбаеваның орындауындағы «Балдәуен» әні тыңдалды. Бұдан әрі қарай бірінші сыныпқа баратын балақайларды 4 сыныптың ұстаздары ертіп, алғашқы сабақтарына шығарып салған соң, мектептің барша сыныптар оқушылары ұстаздарымен бірге өз сыныптарына бет алды.



#### Школа № 3 Российской Федерации

Прекрасным солнечным утром встречал сентябрь школьников, родителей и педагогов, собравшихся в 10.00 часов на торжественную линейку у здания гарнизонного дома офицеров МО РФ, посвященную открытию нового учебного года. В 20-й раз встречает школа имени С.Д.Дорохова своих учеников, чтобы помочь им в овладении знаниями, приобрести необходимые в жизни навыки. Волнующие минуты для учеников старших классов. Но еще более волнуются малыши-первоклассники и их родители, чья школьная жизнь только начинается. Сегодня бывшим дошколятам впервые предстоит почувствовать себя учениками. Нарядные белоснежные платья с бантами у девочек, строгие костюмы мальчиков, разнообразные букеты цветов - все создаёт праздничную атмосферу.

Торжественно звучит гимн Российской Федерации, открывающий праздничное мероприятие. Перед учениками и родителями со словами поздравления и пожелания плодотворной учебы выступили директор школы Жумалиева Сауле Шерипбаевна и представитель командования в/ч 03080 МО РФ подполковник Тутецкий Ростислав Ивано-



1-СЕНТЯБРЯ – ДЕНЬ ЗНАНИЙ

### ПРАЗДНИК ПЕРВОГО ЗВОНКА



вич. По доброй традиции звучат слова благодарности основателю школы – первому командиру приозерского испытательного полигона генерал-майору Степану Дмитриевичу Дорохову, чья жизнь является прекрасным примером беззаветного служения Родине. Отдавая дань уважения, группа старшеклассников прошла торжественным шагом для возложения цветов к монументу первому командиру полигона.

Завершая торжественную часть мероприятия, в исполнении маленьких первоклассников была представлена поэтическая композиция на школьную тему. Артистические способности малышей были поддержаны бурными аплодисментами всех собравшихся. После чего, под руководством педагогов-наставников, ученики 1-го «А» и «Б» классов совместно исполнили песню первоклассника.

И вот, звенит первый школьный звонок 2015-2016 учебного года в исполнении первоклассницы Лихобаб Маши и учащегося 11 «А» класса Жукова Владислава, приглашая ребят в



школьные классы, где состоится первый урок, посвященный Дню знаний, открывающий дверь в мир непознанного и интересного.

Пожелаем же в этот день всем ребятам, севшим за парты в школах и других учебных заведениях, ярких впечатлений, интересного учебного процесса! Пусть каждый день приносит в их жизнь новые знания, научит новым и полезным навыкам, помогая определить свое предназначение и место в этой жизни.

Летят в небо разноцветные шарики с прикрепленными к ним белоснежными корабликами, унося с собою в высь первые мечты о новой жизни юных первоклассников из 1 «А». Пусть же воплотятся в этот день все добрые пожелания детей, наполняя мир светом и любовью!

Бегазы АЛШЫНБЕКҰЛЫ,  
Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,  
Александр СТРУМЕНТОВ  
Суретте: Мерекеден көріністер.  
На фото: Празднование первого звонка





## Қала өмірінен

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың 28 тамызында Өнер және спорт мектебінің залында қала тұрғындарының және еңбек ұжымдарының қатысуымен Ата Заңымыздың 20 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өтті. Салтанатты жиынды ашқан қала әкімінің міндетін атқарушы Дастан Сәденов қала халқын басты мемлекеттік мерекемен құттықтады. «Бүгін шынымен барша ел үшін айтулы да тарихи күн. Конституция мемлекеттік егемендікті, демократиялық принциптерді нық бекітіп, мемлекеттің одан арғы дамуының басты басымдықтарын белгілеген негізгі құжат. Осының арқасында Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен біз тәуелсіздігімізді нығайтып, мықты мемлекет құра білдік. Бүгінде біздің ұлтаралық бірлік пен келісім тәжірибеміз көптеген елдерге үлгі» - деп атап өтті Д.Сәденов.

Салтанатты жиын барысында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес Тәуелсіздіктің нығаюына, еліміздің экономикалық дамуына, халықтың ынтымағы мен бірлігінің арта түсуіне елеулі үлес қосқан қаланың бірқатар



азаматтарына «ҚР Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалі табыс етілді. Марапатталғандардың қатарында мемлекеттік қызметшілер мен еңбек ардагерлері бар. Сонымен қатар көп балалы аналарға алтын және күміс белгілер және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына ат салысқан азаматтарға қала әкімінің құрмет грамотасы мен алғыс хаттары табыс етілді.

Салтанатты жиынның соңы мерекелік концертке ұласты.

Б. Алшынбекұлы

## Қазақ хандығына 550 жыл

## БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ТӨЙ



Елбасының биылғы жылды қазақ хандығының 550 жылдығы деп жариялағалы бері еліміздің әр аймағында ауқымды іс-шаралар өткізіліп жатқаны белгілі. Осындай маңызды шараның бірі – Бөкей ордасында Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланды. Мерейлі мерекеге арналған мерекелік шара елдің батыс өңіріндегі Бөкей ордасы ауданында өтті. Тойға Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев қатысып, Жәңгір ханның, көрнекті ғалым Мұхамедсалық Бабажанов пен дәулеткер күйші Дәулеткерейдің кесенесіне барып, рухына тағзым етті. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ашып берген вице-премьер қазақ халқының түп-тамыры тереңде жатқандығын айта келіп, бүгінгі тойдың ел тарихындағы елеулі оқиға екендігіне тоқталды. Жиында отандық ғалымдар мен шетелден келген меймандар қазақ хандығының тарихына қатысты өздерінің ой-тұжырымдарын ортаға салды.

Ақындар айтысы өтіп, оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген 22 ақын қатысты. Той бәйгеге ұласып, сонында көпшілік ашық аспан астындағы театрландырылған қойылымды тамашалады.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев: «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Ұлытау төрінде берген сұхбатында терең тарихымыз ғұндардан басталып, Алтын Ордада орныққандығын, одан әрі Қазақ хандығымен ұласқандығын, тәуелсіздік негізі сол кезде қаланғандығын айрықша айтқан болатын. Жәнібек, Керей, Есім, Қасым, Тәуке, Абылай, Әбілқайыр, Бөкей, Жәңгір секілді көрнекті ел билеушілердің мұраты елді, жерді болашақ ұрпаққа, яғни бүгінгі бізге көздің қарашығындай аман жеткізу болды. Соның арқасында қазақ халқы тарих қойнауына жұтылып кеткен жоқ, сақталып қалды» деп, жиылған халық алдында сөз сөйледі. Елімізде өтіп жатқан іс-шаралардан алдағы уақытта да оқырмандарды хабардар етіп отыратын боламыз.

Н.ӨТЕП

## Ақын Асқар Тоқмағамбетовтың туғанына 110 жыл

## ЖЫР КҮМБЕЗІ АТАНҒАН АҚЫН



Өткен ғасыр қазақ халқы үшін әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен өлеңнің бұлағы тасыған алтын дәуір болды десек, қателеспейміз. Кең байтақ еліміздің баулық өңірінен ақындар мен жазушылар көптеп шықты. Олардың әрбірі өз ұлтының мақтанышы болған, артында өлмес мұра қалдырған сүйелер еді. Өлең-жырдың өлкесі, сүйелердің мекені аталып келе жатқан қасиетті Сыр өңірі де сол кезеңде көшпен кейін қалмады. Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңба қалдырып, шығармалары қолдан түспей оқылған, әлі де оқылып келе жатқан, оқулықтарға енген осындай жандардың бірі – ақын, жазушы Асқар Тоқмағамбетов Қызылорда облысы Терезөзек ауданында 1905-жылы дүниеге келген. Атына заты сай Асқар ақынның өмір-тарихы былайша өрбиді:

Өнер-білімге жастайынан құштар болған Асқар ақын әуелі Ташкент политехникалық техникумын, одан кейін Мәскеу Баспа институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс-фашист басқыншыларынан Отанын азат етуге қатысты. Жыр әлеміне ерте араласқан ақын бар өмірін баспасөз қызметіне арнады. Ол еліміздің

белді газеттерінде, соның ішінде «Лениншіл жас» («Жас алаш»), «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы»), «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Ара» журналында әр түрлі қызметтер істеген. Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша жауапты хатшысы болған. Алғашқы өлеңдер жинағы «Еңбек жыры» деген атпен 1928-жылы шыққан.

Асқар Тоқмағамбетов ақындық жолының алғашқы кезеңінде Отан қорғау, интернационализм тақырыбына арналған шығармалар жазған. Отан соғысы жылдарында жауынгерлердің майдандағы ерліктерін, халықтар достығы, соғыстан кейінгі жылдарда бейбіт өмір тынысын өз шығармаларына арқау етті. Асқар Тоқмағамбетов қазақ поэзиясында поэма жанрын дамытуға елеулі үлес қосқан ақын. Оның поэмаларын тақырыбы, түрі жағынан төрт топқа бөлуге болады: ауыл өмірі («Хат», «Бақыт кілті», «Қасқален», «Өмірге жол», «Агроном көктемі» т.б.); елімізге еңбегі сіңген тарихи адамдарға арналған («Батыр Әли», «Ақын тағдыры», «Кремль сақшысы» т.б.); елді, жерді қорғау, отансүйгіштік, ерлік тақырыбы («Ажалды жеңген алыптар», «Батырлар дастаны», «Уборщица» т.б.); халықтардың достығы тақырыбы («Берлин көшесінде», «Испания», «Қараңғы түнде», «Рейн жағасында» т.б.). Ақын поэмаларында қазақ халқының күрес жолындағы өмірі («Қара қыз», «Қанды жазу», «Терең толқын») мен кенес адамдарының тыныс-тіршілігі («Күзетте», «Дария сыры», «Балдақты Оспан», т.б.) суреттелген. «Ақын тағ-»

(соңы 3 бет.)

## Қала тұрғындарының назарына

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛМАҚШЫ

Құрметті қала тұрғындары! 2015 жылдың 12 қыркүйегінде Астана қаласында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтеді.

Биылғы жылы республикалық конкурста Қарағанды облысының намысын Ұлытау ауданында тұратын Мусиндер отбасы қорғайды. Мусин Оразалы мен оның жұбайы Камила 53 жыл бірге отасы. Олар үлкен де тату отбасын құрып, 10 бала өсіріп-тәрбиеледі, алардан 36 немере, 20 шөбере сүйіп отыр.

Конкурстың жеңімпаздары 2015 жылдың 7-11

қыркүйегі аралығында өтетін интерактивті СМС және интернет арқылы дауыс беру нәтижесінде анықталатын болады.

Сіздерден жерлестерімізге қолдау көрсетуді сұраймыз.

Ұлттық конкурста Қарағанды облысының үміткерлеріне 3 тәсілмен дауыс беруге болады:

**6284** нөміріне **09** мәтінімен СМС-хабарлама жіберу.

**8 803 080 00 (09)** нөміріне қоңырау шалу.

**Kaztube.kz** сайтындағы «Мерейлі отбасы» - «Дауыс беру» бөлімінде дауыс беру.

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСАТЫН МУСИНДЕРДІҢ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Мусиндердің отбасы үлгілі көп балалы 4 ұрпақтан тұратын отбасы. Отбасында 10 бала, 36 немере, 20 шөбере бар. 2014 жылы отбасы «Алтын тойын» тойлады.

Шаңырақ иесі – Мусин Оразалы 71 жаста, зейнеткер, имам. Ауданның қоғамдық өміріне белсене ат салысады. Халықпен араласа отырып, дәстүрлі исламның құндылықтарын насихаттайды, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Жұбайы – Күлалова Камила 71 жаста, зейнеткер, «Алтын алқа» алқасымен, «Батыр ана» орденімен (1984 ж.) марапатталған.

Мусиндер облыстың ауыл шаруашылығын дамытуға айтарлықтай үлес қосып келеді – 1995 жылы олар «Қазыбек» шаруа қожалығын құрды. 20 жылғы еңбектің нәтижесінде олар өнім сапасында

және өтім нарығын кеңейтуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді: ауыл шаруашылық өнімдерін Жезқазған, Сәтбаев к., Ұлытау ауданына жеткізеді. Жергілікті халықты қолдау мақсатында қайырымдылық қызметімен айналысады.

Балалары мен немерелері ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысады, кәсіби табыстары үшін алған грамоталары бар. Шығармашылықпен айналысады – ән салады, би билейді.

Отбасының басты құндылықтары – Отанға деген сүйіспеншілік, қазақ халқының салт-дәстүрін сақтау.

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

## Ғалам ғажайыбы

## ҚАЛДАШ ЖЫРАУ

Жаратқан иеміздің өзінің сүйікті пенделеріне деген мейірім-шапағаты мен қуанышы мен қайғысы қатар жүретін қамшының сабындай ғұмыр сыйласа да, әр пендесін ешқашан ескерусіз қалдырмаған. Бір жанның бір мүшесін кеміс етіп жаратса, оның қарымын өзге мүшелері арқылы он, тіпті, жүз есе етіп қайтаратынына шүбә жоқ. Ондай адамдарды өз өмірімізден де көріп, біле жүріп, жасап жүрген тірлігіне қызығып та, сүйініп те қараймыз. Екі көзі бірдей көрмейтін жандардың екі қолы арқылы темірден түйін түйетін, ағаштан неше түрлі ғажайып дүниелер жасайтын, немесе домбыра тартып, ән-жырымен тыңдаушысын тамсандыратын зағип жандардың өмірлері мен істеп жүрген әрекеттерін он екі мүшесі сау адамдар да жасай алмайды ғой. Біз бүгінгі әңгімемізге осындай жандардың бірінің өнегелі өмірін арқау етіп, оқырманға үлгі етуді мақсат тұттық. Бұны ғаламның ғажайыбы дейсіз бе, құдайдың құдіреті дейсіз бе, оны патша көңілдеріңіз білсін?!

Қалдаш жырау жайында Қазақстанның оңтүстік аймағында, Өзбекстан және Қарақалпақстан төңірегінде білмейтін жан жоқ шығар, сірә!.. Қалдаш Сәдірұлы Қалдыбеков – 1936-жылдың 15-шілдесінде Өзбекстан Республикасының Науан облысы, Кенімек ауданына қарасты Баймұрат ауылында дүниеге келген. Барлық бөбектер секілді анасының құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жатып, жарық дүние есігін ашқанымен, шақалақ Қалдашқа жаратқан иеміз жарық дүниені көруді жазбапты. Ол өмірге тұма зағип күйде келді. Қолдарына ұстаған сәбилерінің су қараңғы соқыр болып туылуы ата-ананың жанына қанша



батқанымен, қанша қайғырып-мұңайғанымен, ол бәрібір өзегін жарып шыққан өз перзенттері еді. Құдай-тағала Қалдашқа жанып тұрған қос жанар бермегенімен, болашақта оны көрген, оны естіген пендені таң қалдыратын – өнер деген қасиетті де, киелі жауһарын аямай бере салғанын мүңлік ата-ана ол сәтте білмеген еді, әрине!..

Кәдімгі көпшілік сәбилер секілді ананың уызына жарып өскен Қалдаш аяғын апыл-тапыл басқанда қатарластарымен бірге далаға шығып көп ойнамады. Көбелек қуып, асық атпады. Түнгілік айтабаққа, жасырынбаққа, ақсүйекке қатыспады. Оның көп уақыты ертегі, аңыз-хикая, жыр-дастан, әңгіме тыңдаумен өтетін. Ауылға той-томалаққа келіп, өлең-жыр айтатындарды құнығып, қызығып тыңдайтыны ата-анасы мен жақындарына кішкене кезінен-ақ байқалған еді. Жасы үш-төртке келгенде оның домбыраға әуестігі және айтылған сөзді тез жаттап алатын зеректігі сезіледі. Қу ағашты домбыра етіп тар-

(соңы 4 бет.)





Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 және 2016 жылдарға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 және 2016 жылдарға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2015 және 2016 жылдарға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемі

Table with 10 columns: №, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны, Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (тенге), Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (тенге), Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге) кем емес. Rows include Балабақша and Мектепке дейінгі шағын орталық.

Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2015 и 2016 годы в дошкольных организациях города Приозерск

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2015 и 2016 годы в дошкольных организациях города Приозерск согласно приложению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после первого официального опубликования.

Акима города

К. Камзин

Приложение к постановлению акимата города Приозерск от «...» 2015 года №...

Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2015 и 2016 годы в дошкольных организациях города Приозерск

Table with 10 columns: №, Вид дошкольной организации образования, Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения, Размер подушевого финансирования дошкольных организаций в месяц (в тенге), Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге), Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц не менее (в тенге). Rows include Детский сад and Дошкольный мини-центр.

Коррупции нет!

О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО УПРАВЛЕНИЯ КАЗНАЧЕЙСТВА И МЕРАХ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ КОРРУПЦИИ

Коррупция является серьезной проблемой для любого общества и характерна для всех государств мира, в том числе с развитой экономикой и давними демократическими традициями. Коррупция произошла от латинского слова и означает подкуп, подкупность и продажность общественных и политических деятелей, государственных чиновников и должностных лиц. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики. Коррупция угрожает развитию рыночной экономики государства, наносит вред экономической и национальной безопасности.

В работе по противодействию коррупции всем государственным органам следует руководствоваться программными направлениями, определенными Президентом Республики Казахстан. Это прежде всего приоритетность профилактики коррупции, устранение причин и условий, порождающих ее. Коррупционным рискам наиболее подвержены взаимоотношения, связанные с использованием средств бюджета. В свою очередь, территориальные подразделения казначейства играют значительную роль при исполнении государственного бюджета, тесно взаимодействуя в рамках возложенных полномочий с государственными органами, государственными учреждениями и субъектами квазигосударственного сектора.

Приозерское городское управление казначейства является государственным учреждением, осуществляющим функции в сфере исполнения республиканского бюджета и обслуживания

исполнения местных бюджетов, обеспечению учета операций по исполнению республиканского и местных бюджетов и проведению операций государственных учреждений по контрольным счетам наличности и счетам государственных учреждений. Управление осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, бюджетным законодательством Республики Казахстан, приказами (распоряжениями) Министра финансов РК, председателя Комитета казначейства, иными нормативными правовыми актами.

Казначейское обслуживание исполнения бюджетов осуществляется управлением казначейства на основании документов, предоставляемых государственными учреждениями в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Представление в управление казначейства документов на бумажном носителе и их получение из казначейства обеспечивает представителю государственного учреждения, которому эти права предоставлены на основании доверенности руководителя государственного учреждения, так называемое уполномоченное лицо.

На сегодняшний день все государственные учреждения, финансируемые из местного бюджета, перешли на обслуживание по информационной системе «Казначейство – клиент». Информационная система «Казначейство – клиент» является Системой электронного документооборота Комитета казначейства Мини-

стерства финансов Республики Казахстан и территориальных подразделений казначейства с государственными учреждениями, администраторами бюджетных программ, уполномоченными государственными органами. Это будет способствовать увеличению скорости обслуживания государственных учреждений, уменьшению количества возвратов финансовых документов за счет ошибок, сокращению бумажных, временных и транспортных затрат госучреждений, а также уменьшению возможных рисков проявления коррупционных составляющих в работе казначейства.

В городском управлении казначейства постоянно проводятся меры по устранению условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений. Каждый гражданин нашей страны должен проявлять нетерпимость к коррупции и принимать участие к ее искоренению.

Т.Д. Манаков, руководитель Приозерского городского управления казначейства

ЖЫР КҮМБЕЗІ АТАҒАН АҚЫН

(соңы басы 2 бет.)

дыры» поэмасын Сәкен Сейфуллиннің азаматтық, ақындық келбетін ашуға арнаған. Ақынның «Біздің Сәуле», «Тап қорғаны», «Буденный марш», «Бір, екі, үш», «Қош аман бол», «Күт мені», «Сүйген жарға», тағы басқа лирикалық өлеңдері әнге арналған. Таңдамалы шығармаларының жинақтары жарық көрген.

Асқар Тоқмағамбетов ақындығының жемісті саласы – оның сатиралық туындылары. Ол қазақ әдебиетіндегі сатиралық поэзияның негізін қалаушы, оны қалыптастырып, дамытушылардың бірі болды. Бір сөзбен айтқанда, Асқар сатира жанрының атасы деуге болады. Оның өткір тілді сықақ өлеңдері, фельетондары, мысалдары қоғамдағы, адам бойындағы қайшылықты құбылыстарды сынап, әшкереледі. «Күлкі-сықақ» жинағы, «Ұйықтаған бастық», «Соқа мен Қостамбаев», «Бір мылжынның баяндамасы», «Мылжынның бет-аузы», «Желіккен жеңгейлерге», «Кәрі жезде», «Бидай мен қаңбақ», «Сауысқан», «Мысық пен шыбын», тағы басқа туындыларында ақын адам бойындағы ұнамсыз қылықтар мен өмірдің көлеңкелі тұстарын дөп басып, бейнелеп суреттеуде шеберлік танытты. Асқар Тоқмағамбетов проза жанрында да жемісті еңбек етті. Ыбырай Жақаев өмірін бейнелеген «Қыран тұғырдан

ұшады» (О.Бодықовпен бірге), Сыр өңірі қазақтары тұрмысынан жазылған «Сыр диқаны», «Асыл азамат», «Әке мен бала», «Қарбаласта», Қазан төңкерісі қарсаңындағы ауыл өмірін суреттеген «Ақмоншақ» повестерін жазды.

Асқар Тоқмағамбетов XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ақындары туралы жазылған «Жыр күмбезі» атты тарихи романның авторы. Драматургияда «Екі заң», «Семафор ашық», «Әзірет Сұлтан» атты пьесалар мен «Маржан», «Бәріміз де сондай болсақ» атты киносценарийлер жазған. С.Айнидің «Құлдар» романын қазақ тіліне аударған. Қазақ елі әдебиет өнеріне қосқан орасан зор үлесі ескерілмей қалған жоқ. Ол көзі тірісінде халықтың да, мемлекеттің де назарынан тыс қалмай, еңбегі ескеріліп отырды. Қазан төңкерісі, I-дәрежелі Отан соғысы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Бір ғана «Жыр күмбезі» романының өзі оның өзін де жыр күмбезі атап жіберген еді. Өнегелі өмірін қазақ халқының әдебиет өнеріне арнаған асқар таудай Асқар ақын 1983-жылы дүниеден өтті. Өзі өлсе де, артында ұланғайыр мұра қалдырған ақынның мерейтойлары ұрпақ жадынан өшпей, мезгілімен аталып өтіп келеді. Ақынның 110 жылдық мерейтойымен қазақ халқын құттықтаймыз!

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ





## ҚАЛДАШ ЖЫРАУ

(соңы, басы 2 бет.)

тып, жіңішке даусымен өлең айта бастайды. Бес жасында өзі ағашқа ішек тағып, домбыра жасауға талпынады. Бұл құштарлығы байқампаз әкешесі бейжай қалдырмай, оған домбыра алып береді. Бір қызығы, ол домбыраны сол қолмен тартса да, бас бармақ және балаң үйрегімен ішектің жоғарғы жағынан басып ойнай бастаған. Көгер көзге бұл өзін көрінгенімен, Қалекен осы әдіспен домбыра тартқанда, әуеннен ешқашан жаңыл-маған және әуеннен артық дыбыс шықпайды. Төгілтіп те, шерттіп те ән немесе күй ойнағанда еріксіз бас шайқайсың, ризашылықпен таң қала-сың!..

Осылайша, Қалдаш Сәдірұлы жыршылық дәстүрге бала кезінен, өте ерте қадам басады. Әппақ жүзді, томашадай балаңыз жыршылық өнері айналадағы елге бұл жыршылық өнер болса да, «Қалдаш жырау» деген атпен әйгілі бола бастайды. Алғашында ән, жыр, қысқа тоғаулардан басталған жыршылық, өсе келе ауқымды кисса-дастандар орындауға ұласады. Оған кітаптағы кисса-дастандарды әрі кеткенде екі рет оқып беру жете-тін. Жаттап алған үлкен дүниелер оның жадында мәңгілік сақталып қалатын болған. Ауыл-үйдің той-томалағында жырлаудан басталған өнер, уақыт өте қанатын кенге жайып, аудан, облыс, көрші республикалардың шекарасына шарықтап кете барған. Ол жайында ел арасына аңыз жайы-лып, Қалдаш жыраудың әні мен таңды таңға ұрып айтатын жыр-дастандарын тыңдау үшін жан-жақ-тан шақыртулар келіп, елдің ерке ұлына айнал-ғанан өзі де сезбеген еді... Сондай аңыздың бірі былайша өрбиді:

Жасы жиырманың бесеуіне келгенде жігіт Қалдаш көрші ауылдардың біріндегі тойда үш күн бойы жырлайды. Осы тойда ауылдың бір бойжеткені жыршыға ғашық болып, сол жігітпен бас қосқысы келетінін ата-анасына білдіріп, өз қалауымен Қалекенге тұрмысқа шығыпты... Сол шаңырақ көтерген жарымен жыршы аға әлі күнге бірге. Ұлды-қызды оншақты баланы дүниеге әкеліп, жапырағын кенге жайған бәйтерекке айналған.

Мен Қалекенді маған арнап жасалған сүндет тойымда көрдім. Ортадан төмен бойлы, әппақ қағаздай жүзді, жұқа өңді, қара көзәйнек киген жігіттің алдына отырып, «ГАЗ-63» маркалы жүк көлігінің қорабында құм жолмен ферма орталығына келгеніміз, іргесі түрлі киіз үйдің ішінде, қамалаған жұрттың ортасында отырып, үзілсіз жырлағанын таңға дейін тыңдағаным әлі күнге, кешегідей жадымда сақталып қалған. Үйге сыймағандар даладағы төселген киіздің үстіне отырып тыңдайтын. Қалекенді одан кейін ауылымызға арнайы шақырылып алынған тойларда талай мәрте көрдім. Ол кісі бір жолығып, сөйлескен адамның атын ешқашан ұмытпайды және даусынан бірден таниды. Қолына зағиптерге арналған сағат тағып жүретін. Оны білмейтін біз: «Зағип адам сағатты қалай көреді?..», деп таңданатын едік. Кейіншелік магнитофон пайда болып, Қалдаш жыраудың орындаған әндері мен дастандары таспаға жазылып алынатын болды. Үнтаспапаны өзі қосып, айтып жатқан дастаны бір

бетке толған сәтте өзі тоқтатып, өзі қосатыны, келесі беттен жырды әрі жалғап кететіні де біз үшін таңсық, ғажайып көрінетін. Тойға келген оны жұрт үйлеріне арнайы шақырып, қонақ ететін және жырлататын. Соған орай сый-сыйапат жасап, шапан жабатын, ақшалай, малдай еңбекқасын беріп, құрметпен шығарып салатын. Қалдаш жы-рауды тойға шақыру үшін алдын-ала тапсырыс беріп, хабарландырып қоймасаң, ол кісіні ұстау да қиын-тын. Жылдың той мезгілі саналатын жаз бен күзде оның өмірі өз шаңырағынан жырақта өтетін. Ол өзіне қос жанар бермесе де, өлмейтін өнер беріп, халықтың тыңдаушының ықылас-ниетіне бөлеген, елге сыйлы еткен, ризық-несібесін осы өнерден берген Жартқан иеге деген алғысын өзі жырлаған туындылары арқылы әрдайым білдіріп, айтып отыратын-ды. Қалдаш жырауға арнап талай ақын жырлар, тілшілер мен зерттеушілер мақа-лалар жазды, дүйім елге оның өнерін насихаттады. Менің де арнау-өлеңім жыр жинағымға енді. Белгілі жыршы-термеші, өнер саласындағы зерттеу-ле-рімен жұртшылыққа танымал ғалым Берік Жүсі-повтың Қалдаш жырау туралы зерттеу-мақала-лары белді басылымдарда жарияланды. Мен елде жүргенде оның жыр-жынында Базар жырау, Тұрмағанбет Ізтелеуов, Шораяқтың Омары, кете Жүсіп, Оңғар жырау, Мәделі кожа т.б. Сыр бойы мен онтүстікке белгілі ақын-жыраулардың, жер-гілікті ақындар – Бердалы Оразалиев, Жүсіп Сәр-сембев, Ләтіп Мірәшімов және қазіргі ақындар-дың өлеңдері, арнау-тоғалулары, айттыстары, терме-жырларынан өзге «Разия мен Әлім», «Төре-хан дастаны», «Рауа бану», «Көрұғлы», «Жүсіп-Зылиха», «Атымтай жомарт», «Сәдуақас-сақи» секілді, басқа да ауқымды дүниелер бар болатын. Одан бергі ширек ғасырға жуық өткен кезеңде оның орындайтын шығармаларының қатары толығымен түскені мәлім.

Бүгінде Қалдаш жырау Науан облысы, Үшқұдық ауданының «Токсан» деп аталатын станциясында тұратын баласының қолында қарттық ғұмырын кешуде. Сексенге таяған шағында да домбырасын қолынан түсірмей, үйден алыстап шықпаса да, әнін әуелетіп, жыр-дастандарының тигін ағытып қоятын әдетін қоймаған көрінеді. Ол айналасындағыны көзімен көрмесе де, көкірек көзімен көріп, сезініп, жұртына қуаныш сыйлап, ән-жырдан шашу шашып келеді. Ол туралы бір адамның аузынан сәл де болса жаман сөз естімейсің, алғаны – алғыс, естігені – мадақ пен ризашылық қана. Пендешіліктен аулақ, өзінің өнерімен тап-қан ризық-несібесіне місе тұтып, шүкірлік етіп, Жаратқан иесіне осы өмірі үшін мадақ айтып, өнегелі өмір сүріп жатқан ғажайып өнер иесінің әлі де ұзақ өмір сүре беруіне біз де тілектеспіз! Осындай жандардан өнеге алайық, ұрпағымызға үлгі етейік, ағайын!

Нұрғали

ҚАРАБЕКТЕГІ,

ҚР журналистер одағының мүшесі.

Суретте:

Қалдаш жырау мен өнер зерттеушісі

Б.Жүсіпов

## ЕКІ БІРДЕЙ ЖАЗА

Бір күні халифа Омардың алдына бір ұрыны ұстап әкелді. Халифа тұрып: «Сен неге ұрлық жасадың?» деп сұрай бастады.

– Мен ұрлық жасасам, ол Алланың жазғаны. Құдай қаламаса, мен осылай жасар ма едім? – деп безірейіп тұра берді. Осы сөзді естіген Омар ұрыға екі бірдей жаза тағайындады. Саусағын да кестірді, арқасына дүре де соқтырды. Осының бәрін көріп тұрғандар: «Неге бұлай жасайсың, әй, Омар» деп сұрай бастады. Сонда халифа: «Ұрлық жасағаны үшін қолын кестірдім, Аллаға жала жапқаны үшін дүре соқтырдым», – деп жауап қайырды.

## ШЫНДЫҚ БАРДА, ҚАЙЫР БАР

Хазрет Омар халифа болып тұрған кезінде бір күні Үбай ибн Кағб деген сахабаны қасына шақырып алды. Сөйтті де өзі қасиетті Құранды оқып отырып, оған тыңдатты. Қателесіп мүлт кеткен жерлері болса түзетіп отырды өтінді. Содан бір аятқа келгенде, хазрет Омар қателесіп қалды. Кеткен қатені түзетіп болып, әлгі сахаба оған былай деді: «Әй, Омар! Мен бұл аятты алғаш рет сүйікті Пайғамбарымыздың қасиетті аузынан естіген болатынмын. Мен бұл аятты оның аузынан естіп отырғанымда, сен «Бақи» базарында сауда-саттықпен айналысып жүргенсің», – деді. Сахабаның дәл осылай шындықты айтқанына қуанған Омар: «Жақсы айттың, бауырым. Мен негізі, сені сынау үшін осылай оқыған болатынмын. Менің қатемді айтар ма екен, айтпас па екен» дегенмін. Өйткені алдына келгенде шындық айтылмайтын халифада да, шындықты айтпайтындарда да қайыр жоқ» деген екен.

## КӨЗДІҢ ҒҰСЫЛЫ

Хазрет Осман халифа болған кезінде алдына бір кісі келді. Хазрет Осман: «Бар да, ғұсыл құйынып кел! Менің қасымда жүніп күйде отырма», – деді қатаң дауыспен. Сонда әлгі кісі: «Уа, мүміндердің әміршісі! Мен жүніп емеспін», – деді сасқалақтап.

– Қалай жүніп емессің, сен осында келе жатқанда көшедегі бір әйелге шаһуат көзімен қарағаныңды ұмыттың ба? Ендеше, көз зинасын жасадың деген сөз», – деді. Сонда ол өзінің жасаған күнәсін мойындап, бөлмеден шығып кетті. Жуынып-шайынған соң қайта келді.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:

ул. Космонавтов, 5-107,

телефон: 5-50-81

Время работы:

с 10.00 час. до 19.00час.

Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ**  
**МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)**  
**ПЕДИКЮР**

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\*

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

### АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

#### Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен. телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301

Блок-фара левая, для а/м Мазда-626 (переходка), б/у. Цена договорная. телефон: 8702604260

### НЕДВИЖИМОСТЬ

#### Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3-37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с

лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40 Рассмотрим варианты!

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97.

3-комн. квартира. Или меню на 2-комнатную с доплатой. Тел. 87755749131 дом.5-33-64

Приватизированная 2-комн. квартира,

сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай батыра -4, кв.15 тел.8-777-485-62-51

Магазин по ул.БСА 30-1. Два торг. зала: 20 кв.м и 10 кв.м. Складское помещение 13 кв.м. Сан.узел, холодная и горячая вода, счетчики. Отопление центральное. Цена 25 000 у.е. Торг уместен. Телефоны: 87054617098, 87788541589, 87051795301

### УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мад. Тел. 87026988613

### УТЕРЯНО

Договор купли-продажи квартиры по адресу: ул.Космонавтов, д.5, кв.1 за №6668 от 26.12.2013 года, выданный на имя Ауелбекова Ерлана Туганбековича. Прошу вернуть за вознаграждение. Тел. 8-778-101-92-61

### К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ! ПОДОРОЖАЛ БЕНЗИН? Попробуйте катализатор MPG-BOOST™.

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

#### MPG-BOOST™

способствует:

- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
- усовершенствованию увлажнения;
- снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения об-ращаться по телефону: +7 (702) 604-02-60



Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru ВЕБ-САЙТ: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.  
Заказ № 35/420 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041